



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 81 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 қыркүйекте № 29796 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Д.А. Тайшыбаева) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (А.С. Қасенов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанкуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы

Г. Пирматов

Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы
2022 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 81 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тарауда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) және 3-4) тармақшаларына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (ипотекалық ұйымдарды және бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғаларды қоспағанда), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру брокерлерінің қаржылық есептілік элементтерін топтастыруы және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – ұйымдар) бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін топтастыруы және бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуі үшін арналған.

2. Шоттар жоспарында "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.";

2-тарауда:

8-параграфта:

8300-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

8600-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"8600

Қаржы міндеттемелері мен туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер шоттары";

8600 12-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 8600 13-шотпен толықтырылсын:

"8600 13

Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер";

3-тарауда:

2-параграфта:

8600 12-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 8600 13-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"8600 13 "Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер" (пассивті).

Мақсаты: ұйымның болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның болашақта қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қаржы активтерін алу кезінде ұйымның шартты міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жүргізіледі."

2. "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыпқа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді; кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тарауда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі –

Шот жоспары) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2), 3-4) тармақшаларына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, ипотекалық ұйымдардың, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, бұдан бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғалардың қаржылық есептілік элементтерін топтастыруы және құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуі және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін ағымдағы көрсетуі үшін арналған.

2. Шот жоспарында "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.";

7-тармақта 1460-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1460 Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары";

8-тармақта 2030-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2030 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар";

10-тармақта:

4300-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4300 Басқа банктермен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен, ұлттық басқарушы холдингпен, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорымен, халықаралық қаржы ұйымдарымен қарыздармен операциялар бойынша кірістер";

4400-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4400 Клиенттермен операциялар бойынша кірістер";

4465-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4465 Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша кірістер";

11-тармақта:

5030-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5030 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар";

5040-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5040 Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша шығыстар";

5050-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5050 Банктерден алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар";

5060-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5060 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) басқа банктерден алынған немесе басқа банктерге берілген қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар";

5200-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5200 Клиенттермен операциялар бойынша шығыстар";

5250-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5250 Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша шығыстар";

5450-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5450 Резервтер (провизиялар) қалыптастыруға арналған шығыстар";

2-тарауда:

1-параграфта:

1430 және 1431-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"1430 Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын оң түзету шоты

1431 Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын теріс түзету шоты";

1748-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1748 Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер";

2-параграфта:

2030-шоттар тобының атауы мен 2031, 2032, 2034, 2035, 2036, 2037 және 2038-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"2030 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар

2031 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйлықақы

Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы

2032	органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша дисконт
2034	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2035	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын оң түзету шоты
2036	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2037	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын теріс түзету шоты
2038	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек

2131-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2131	Басқа банктер мен қаржы ұйымдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілсіз) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты";
-------	--

2139 және 2140-шоттарының атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"2139	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
2140	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт";

2143-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2144, 2145, 2146 және 2147- шоттармен толықтырылсын:

"2144	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары
2145	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын оң түзету шоты

2146 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын теріс түзету шоты

2147 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек";

2213-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2213 Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын қысқа мерзімді салым";

2240-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2241-шотпен толықтырылсын:

"2241 Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын ұзақ мерзімді салым";

2255-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2256 және 2257-шоттармен толықтырылсын:

"2256 "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме

2257 "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме";

2727-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2728-шотымен толықтырылсын:

"2728 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар";

4-параграфта:

4267-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4268-шотымен толықтырылсын:

"4268 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістер";

4270-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4270 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер";

4300-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4300 Басқа банктермен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен, ұлттық басқарушы холдингпен, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорымен, халықаралық қаржы ұйымдарымен қарыздармен операциялар бойынша кірістер";

4312, 4313 және 4314-шоттардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4312 Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісімен танылатын пайыздық кірістерді түзетуден түскен кірістер

- 4313 Басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға баланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер
- 4314 Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі кірістер";

4314-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4315 және 4316-шоттармен толықтырылсын:

- "4315 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі кірістер
- 4316 Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты олардың баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кірістер";

4400-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "4400 Клиенттермен операциялар бойынша кірістер";

4431-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "4431 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, халықаралық қаржы ұйымдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын теріс түзету түріндегі кірістер";

4434-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "4434 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісімен танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі кірістер";

4435-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4436-шотпен толықтырылсын:

- "4436 Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер";

4465-шотынан кейін мынадай мазмұндағы 4466-шотпен толықтырылсын:

- "4466 "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемені қайта бағалаудан түскен кірістер";

5-параграфта:

5030-шоттар тобының атауы мен 5034, 5036, 5037 және 5038-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"5030 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар

5034 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар

5036 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар

5037 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыз құнын оң түзету түріндегі шығыстар

5038 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар";

5038-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5039-шотпен толықтырылсын:

"5039 Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар";

5040-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5040 Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша шығыстар";

5048-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5049-шотпен толықтырылсын:

"5049 Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар";

5060-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5060 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) басқа банктерден алынған немесе басқа банктерге

берілген қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар";

5070, 5071 және 5072-шоттардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "5070 Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісімен танылатын пайыздық кірісті түзету түріндегі шығыстар
- 5071 Берілген қарыздарды модификациялауға байланысты олардың жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі шығыстар
- 5072 Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға баланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар";

5138-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "5138 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар";

5141-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5142, 5143 және 5144-шоттармен толықтырылсын:

- "5142 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салым құнын оң түзету түріндегі шығыстар
- 5143 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
- 5144 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар";

5200-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "5200 Клиенттермен операциялар бойынша шығыстар";

5240-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

- "5240 Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылған пайыздық кірісті түзету түріндегі шығыстар";

5240-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5241-шотпен толықтырылсын:

- "5241 Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген қарыздарды түзету түріндегі шығыстар";

5250-шоттар тобының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5250

Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша шығыстар";

5250-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5260-шотпен толықтырылсын:

"5260

"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемені қайта бағалаудан болған шығыстар";

3-тарауда:

1-параграфта:

1430 және 1431-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1430. Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын оң түзету шоты (активті).

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздың осы активтің әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған есептік (баланстық) құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қарыздың осы активтің әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған есептік (баланстық) құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қарыздың есептік (баланстық) құнын түзету сомаларын осы соманың № 1431 баланстық шотпен сальдосы кезінде есептен шығару жазылады.

1431. Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын теріс түзету шоты (контрактивті).

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздың осы активтің әділ құнының азаюы нәтижесінде туындаған есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қарыздың осы активтің әділ құнының азаюы нәтижесінде туындаған есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарыздың есептік (баланстық) құнын теріс түзету сомаларын осы соманың № 1430 баланстық шотпен сальдосы кезінде есептен шығару жазылады.";

1748-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1748. Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер (активті).

Шоттың мақсаты: Болашақта сатушыға бағалы қағаздарды келісілген баға бойынша қайтару міндеттемесімен операцияны ашу күніне кепілге алынған бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО" операциясы бойынша есептелген кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістердің сомаларын олар төленген немесе операцияның күші жойылған кезде есептен шығару жазылады.";

2031, 2032, 2034, 2035, 2036, 2037 және 2038-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2031. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйлықақы (пассивті).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) нақты алынған қарыз сомасының қарыздың өтелетін сомасынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомаларын, модификациялау кезінде қарыздың баланстық құнын түзету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық шығыстарды тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) нақты алынған қарыз сомасының қарыздың өтелетін сомасынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомасы, модификациялау кезінде қарыздың баланстық құнын түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық шығыстарды тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйлықақы амортизация сомасы және (немесе) есептен шығару сомасы жазылады.

2032. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша дисконт (контрпассивті).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан нақты алынған қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) қарыздың өтелетін сомасының асып кетуі түріндегі дисконт сомаларын, модификациялау кезінде қарыздың баланстық құнын түзету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық шығыстарды тануға байланысты түзету сомаларын, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша қарыз алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан нақты алынған қарыз сомасынан (

мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) қарыздың өтелетін сомасының асып кетуі түріндегі дисконт сомасы, модификациялау кезінде қарыздың баланстық құнын түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық шығыстарды тануға байланысты түзету сомасы, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша қарыз алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.

2034. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар (пассивті).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан бір жылдан аспайтын мерзімге алынған қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2035. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын оң түзету шоты (пассивті).

Шоттың мақсаты: Өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есептік (баланстық) құнын осы қарыздың әділ құны ұлғаюы нәтижесінде туындаған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есептік (баланстық) құнын осы қарыздың әділ құны ұлғаюы нәтижесінде туындаған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қарыздың есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

2036. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар (пассивті).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан бір жылдан астам мерзімге алынған қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыздардың сомаларын олар өтелген кезде есептен шығару жазылады.

2037. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын теріс түзету шоты (контрпассивті).

Шоттың мақсаты: Өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есептік (баланстық) құнын осы қарыздың әділ құны төмендеуі нәтижесінде туындаған теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есептік (баланстық) құнын осы қарыздың әділ құны төмендеуі нәтижесінде туындаған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қарыздың есепке алу (баланстық) құнын теріс түзету сомалары есептен шығарылады.

2038. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек (пассивті).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен

және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.";

2131-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2131. Басқа банктер мен қаржы ұйымдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты (пассивті).

Шоттың мақсаты: Басқа банктердің және қаржы ұйымдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде кепіл шарты немесе кепілзат беру туралы шарт бойынша қабылданған, иеленуді кепіл ұстаушы жүзеге асыратын басқа банктердің ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктің және қаржы ұйымдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақша сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кепіл шартының немесе кепілзат беру туралы келісімнің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған басқа банктің және қаржы ұйымдарының ақша сомаларын есептен шығару жазылады.";

2139 және 2140-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2139 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы (пассив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салым бойынша қайтарылатын ақша сомасынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомаларын, модификациялау кезінде салымның баланстық құнын түзету сомасын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық шығысты тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша салым бойынша нақты алынған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салым бойынша қайтарылатын ақша сомасынан асып кетуі түріндегі сыйлықақы сомасы, модификациялау кезінде салымның баланстық құнын түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық шығысты тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.

2140 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасынан асып кетуі түріндегі дисконт сомаларын, модификациялау кезінде салымның баланстық құнын түзету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық шығысты тануға байланысты түзету сомаларын, салымды нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша тартуға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша салымдар бойынша қайтарылатын ақша сомасының салымдар бойынша нақты алынған ақша сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) асып кетуі түріндегі дисконт сомасы, модификациялау кезінде салымның баланстық құнын түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық шығысты тануға байланысты түзету сомасын, салымды нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша тартуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2143-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2144, 2145, 2146 және 2147-шоттарының нөмірлермен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын :

"2144. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары (пассив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдарының сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банк қабылданған мерзімді салымдарды қайтарған кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2145 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын оң түзету шоты (пассив).

Шоттың мақсаты: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған оң түзету сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомаларын осы соманы № 2146 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде есептен шығару жазылады.

2146. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын теріс түзету шоты (қарсы пассив).

Шоттың мақсаты: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын осы салымның әділ құнын азайту нәтижесінде туындаған теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған теріс түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тартылған салымның есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомаларын осы сома № 2145 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде есептен шығару жазылады.

2147. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек (пассив).

Шоттың мақсаты: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан банктік салым шарты бойынша қабылдаған салым бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан қабылдаған салым бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған салым бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын олар өтелген кезде есептен шығару жазылады.";

2201-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: Мемлекеттік бюджет ақшасының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мемлекеттік бюджеттен түскен ақша сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мемлекеттік бюджеттің мақсаты бойынша жұмсалған ақша сомаларын есептен шығару жазылады.";

2213-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2213. Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын қысқа мерзімді салым (пассив).

Шоттың мақсаты: Жеке тұлғалардың банктік салым шарты бойынша және кепіл туралы шарт бойынша банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) жүзеге асыратын ақша (қысқа мерзімді салым) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жеке тұлғалардың банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) жүзеге асыратын ақша (қысқа мерзімді салым) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) банктік салым, кепіл туралы шарттардың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке тұлғалардың ақша (қысқа мерзімді салым) сомаларын есептен шығару жазылады.";

2240-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде кепіл туралы шарт немесе кепілзат беру туралы келісім бойынша қабылданған, иелік етуді кепіл ұстаушы жүзеге асыратын клиенттердің ақша сомаларын, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттердің ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған оның ақша сомасы, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттер ақшасының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кепіл туралы шарттың немесе кепілзат беру туралы келісімнің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған оның ақша сомаларын, сондай-ақ берілген кепілдіктер бойынша өтеу ретінде қабылданған клиенттер ақшасының сомаларын есептен шығару жазылады.";

2241-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2241. Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын ұзақ мерзімді салым (пассив).

Шоттың мақсаты: Жеке тұлғалардың банктік салым шарты бойынша және кепіл туралы шарт бойынша банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) жүзеге асыратын ақша (ұзақ мерзімді салым) сомаларын есепке алу. Осы шот банктік шот болып табылады.

Шоттың кредиті бойынша жеке тұлғалардың банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) жүзеге асыратын ақша (ұзақ мерзімді салым) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде қабылданған, иеленуі мен пайдаланылуын кепіл беруші (банк клиенті) банктік салым, кепіл туралы шарттардың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын жеке тұлғалардың ақша (ұзақ мерзімді салым) сомаларын есептен шығару жазылады.";

2255-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2256 және 2257-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2256. "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме (пассивті).

Мақсаты: Ұйымның "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған, бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттемелер сомасын есептен шығару жазылады.

2257. "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме (пассивті).

Мақсаты: "Кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны бойынша бағаланатын міндеттеменің сомасы, міндеттеменің әділ құнын теріс қайта бағалау жазылады.

Шоттың дебеті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған, сатылған бағалы қағаздарды қайтару бойынша әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемені есептен шығару, міндеттеменің әділ құнын оң қайта бағалау жазылады.";

2727-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2728-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2728 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Шоттың мақсаты: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан банктік салым шарты бойынша қабылдаған мерзімді салымдар бойынша есептелген шығыстардың осы кезеңге қатысты, төленуі болашақта күтілетін сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан қабылдаған мерзімді салымдар бойынша есептелген шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған мерзімді салымдар бойынша есептелген шығыстардың сомаларын олар өтелген кезде есептен шығару жазылады.";

2873-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: № 1873 баланстық шотта есепке алынатын аффинирленген бағалы металдардың контрқұнының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша іске асырылған немесе жұмсалған аффинирленген бағалы металдардың контрқұнының сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша аффинирленген бағалы металдарды сатып алу есебінен олар бойынша қысқа позицияны өтеу кезінде аффинирленген бағалы металдардың контрқұнының сомасын есептен шығару жазылады.";

3563-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3563. Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтері.";

4267-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4268-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4268 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістер

Шоттың мақсаты: осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тартылған мерзімді салымның есепті (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі кіріс сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша осы салымның әділ құнының төмендеуі нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тартылған мерзімді салымның есепті (баланстық) құнын теріс түзету түріндегі кіріс сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомалары № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.";

4270-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4270 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақыны амортизациялауға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақыны амортизациялауға байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомалары № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.";

4312, 4313 және 4314-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4312. Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4313. Басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер

"Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер сомасы берілген қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4314. Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға

байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кірістер сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4314-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4315 және 4316-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"4315. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) алынған қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шот кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде түзету түріндегі кірістер сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

4316. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды оларды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) алынған қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану

кезінде туындайтын кірістер сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4434-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4434. Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірісті түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірісті түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4435-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4436-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4436. Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер.

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі кірістер сомасы берілген қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4465-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4465. Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша кірістер.

Шоттың мақсаты: Бағалы қағаздармен "РЕПО", "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО", "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақыны алуға байланысты кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4465-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 4466-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4466. "Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемелерді қайта бағалаудан түскен кірістер.

Мақсаты: "Кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемені оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша "Кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттемені оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

4540-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: Аффинирленген бағалы металдарды сатудан түскен кірістер және (немесе) қаржы құралдары ретінде сыныпталған аффинирленген бағалы металдарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша аффинирленген бағалы металдарды сатудан түскен ұйымның кірістері және (немесе) қаржы құралдары ретінде сыныпталған аффинирленген бағалы металдарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5034, 5036, 5037 және 5038-шоттардың атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5034. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан бір жылға дейінгі мерзімге қоса алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасын есепке алу

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасы № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.

5036. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен

және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан бір жылдан астам мерзімге алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасын есепке алу

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

5037. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Осы қарыздың әділ құны ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есепті (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы қарыздың әділ құны ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың есепті (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстар сомасы № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.

5038. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегі бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5038-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5039-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5039. Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, Ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5048-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5049-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5049. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5070, 5071 және 5072 шоттарының атаулары мен сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5070. Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірісті түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылған пайыздық кірісті түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылған пайыздық кірістерді түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

5071. Берілген қарыздарды модификациялауға байланысты олардың жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар және (немесе) берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар және (немесе) берілген қарыздарды пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

5072. Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздарды модификациялауға байланысты баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомасын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5138-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5138 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша шығыстар

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконтты амортизациялауға байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконтты амортизациялауға байланысты шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5141-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5142, 5143 және 5144-шоттардың нөмірлермен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"5142. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салым құнын оң түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салымның есепті (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша осы салымның әділ құнының ұлғаюы нәтижесінде туындаған, өтеу мерзімі бір жылдан астам банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған мерзімді салымның есепті (баланстық) құнын оң түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болған шығыстар сомасы № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.

5143. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қабылдаған салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қабылдаған салымдар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

5144. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар.

Шоттың мақсаты: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомалары № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.";

5240-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5240. Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі деп танылатын пайыздық кірістерді түзету түріндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомалары № 4999 баланстық шотқа есептен шығаруға жазылады.";

5240-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 5241-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5241. Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген қарыздарды түзету түріндегі шығыстар.

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар және (немесе) клиенттерге пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша берілген қарыздарды бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттерге берілген қарыздарды модификациялауға байланысты жалпы баланстық құнын түзету түріндегі шығыстар және (немесе) пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша клиенттерге берілген қарыздарды бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар сомасы алынған қарыздар бойынша тиісті дисконттар (сыйлықақылар) шоттарымен байланыстыра отырып жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5250-шоттың атауы мен сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5250. Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: бағалы қағаздармен "РЕПО", "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздармен "РЕПО", "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5250-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 5260-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"5260. "кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемені қайта бағалаудан болған шығыстар.

Мақсаты: "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемені теріс қайта бағалаудан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша "кері РЕПО" операциясы бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемені теріс қайта бағалаудан болған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5540-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: Аффинирленген қымбат металдардың баланстық құнын есептен шығарудан болатын шығыстардың және (немесе) қаржы құралдары ретінде жіктелген аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сатудан болатын шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған аффинирленген қымбат металдардың баланстық құнын есептен шығарудан болатын шығыстардың және (немесе) қаржы құралдары ретінде жіктелген аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сатудан болатын шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстарды № 4999 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

2-параграфта:

6075-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылуы мүмкін талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылуы мүмкін талаптардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылуы мүмкін талаптардың сомаларын жүргізілген қайта бағалау нәтижелері бойынша олар жойылған және (немесе) құны азайтылған кезде есептен шығару жазылады.";

6575-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын талаптарды ықтимал азайту сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын талаптарды ықтимал азайту сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын талаптарды ықтимал азайту сомаларын жүргізілген қайта бағалау нәтижелері бойынша олар жойылған және (немесе) құны азайтылған кезде есептен шығару жазылады.";

7250-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шоттың мақсаты: Клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құнын есепке алу.

Шоттың кірісі бойынша кепіл туралы шарт жасау кезінде болған және (немесе) банктің ішкі құжаттарында белгіленген кезеңділікпен қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің (ақшаны қоспағанда) құны жазылады, шоттың кірісі бойынша қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің құнына оң қайта бағалау жүргізіледі.

Шоттың шығысы бойынша ішкі құжаттарда белгіленген кезеңділікпен қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүліктің құнына теріс қайта бағалау немесе қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлікті есептен шығару, сондай-ақ клиент міндеттемелерді орындамаған жағдайда оларды клиентке қайтару немесе кепілге салынған мүлікті сату кезінде жүргізіледі."

3. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-

тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8765 тіркелген) бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі - Стандарт), халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі - Қор) жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізуді нақтылайды. "

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Нұсқаулықта "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. "Әділ құны бойынша бағаланатын" санатына жіктелген борыштық бағалы қағаздарды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге аванс аудару кезінде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері);

2) комиссиялық шығыстар сомасына:

Дт	7470 81	Қор биржасының қызметтері үшін комиссиялық шығыстар
	7470 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық шығыстар
Кт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілетін қызметтер үшін есептелген комиссиялық шығыстар;

3) бұрын есептелген комиссиялық шығыстарды төлеу кезінде:

Дт	3380 81	Қор биржасының қызметтері үшін есептелген комиссиялық шығыстар
	3380 82	Брокерлік және дилерлік қызмет бойынша көрсетілетін қызметтер үшін есептелген комиссиялық шығыстар

Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

4) шартты міндеттемелер мен шартты талаптар сомасына борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле жасалған күні мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	8300 01	Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты талаптар
Кт	8600 13	Қаржы активтерін сатып алу бойынша шартты міндеттемелер;

5) мәміле жасалған күн мен есеп айырысу күні арасындағы кезең ішінде туындайтын борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын оң қайта бағалау сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1140 64	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	2030 64	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер;

6) мәміле жасалған күн мен есеп айырысу күні арасындағы кезең ішінде туындайтын борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын теріс қайта бағалау сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар
Кт	1140 65	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
	2030 65	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

7) сатып алынған борыштық бағалы қағазға есеп айырысу күніне (оның номиналды құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
----	---------	--

	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

8) сыйлықақы сомасына:

Дт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

9) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1140 61	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	2030 61	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері
Кт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт;

10) бұрынғы ұстаушы есептеген сыйақы сомасына:

Дт	1270 04	Бұрынғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 03	Бұрынғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	1060 61	Ағымдағы шоттағы (инвестициялық шот) ақшалай қаражат (зейнетақы активтері)
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

11) Стандартта көзделген жағдайларда, операция бағасы активтің әділ құнын білдірмеген кезде Қор және инвестициялық портфельді басқарушы немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған инвестициялық (сенімгерлікпен) басқару туралы шартқа сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыдан немесе сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған ақпарат негізінде қаржы активтерін бастапқы тану әділ құны бойынша жүзеге асырылады:

борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен кезде:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
Кт	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен кезде:

Дт	1140 63	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	2030 63	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 62	Әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	2030 62	Әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер;

